

Бейжанова А.Т.,
Белғожақызы М.,
Турлыбекова Н.М.

**Логистикалық
реинжинирингтің
Қазақстан Республикасындағы
заманауи
даму тенденциялары**

Қазіргі таңда әлемдік нарықта логистика мен реинжинирингтің даму мәселелері экономикамыздың дамуының әлеуетті және болашағы зор салаларының бірі болып танылып отыр. Логистикадағы реинжинирингтің дамуына әлемдік көлемде назар аударылуда. Әлемнің кез келген нүктесіндегі өндірушілердің өнімдері мен қызметтеріне қолжетімділік деңгейі артуда, тұтынушылардың нарықтағы тауарлар мен қызметтерді таңдау мүмкіндіктерінің артуынан өнімдердің немесе белгілі бір қызмет түрлерінің нарықта өмір сүру ұзақтығы күрт азая бастады, компаниялар арасындағы бәсекелестік жылдан жылға күшейе түсуде. Сәйкесінше, бұл мәселелердің шешілуіне логистикалық реинжинирингтің дамуы өз әсерін тигізуге қауқарлы.

Түйін сөздер: менеджмент, маркетинг, логистика, өндіріс, бәсекеге қабілеттілік, сапа, қызмет көрсету, индустрия, инфрақұрылым, инновация.

Beyzhanova A.T.,
Belgozhakzy M.,
Turlybekova N.M.

**Modern trends in logistics
re-engineering in Kazakhstan**

Currently, the global market for engineering and logistics problems of development is recognized as one of the potential and promising sectors of the economy. Attention is paid to the development of reengineering logistics on a global scale. Anywhere in the world, increased availability of services and products manufacturers, due to increase in the range of certain products or services to consumers, the life expectancy of products on the market fell sharply, and due to this cause every year intensified competition between companies. Accordingly, to solve these problems, logistics reengineering can have their important influence.

Key words: management, marketing, logistics, manufacturing competitiveness, quality, service, industry, infrastructure, innovation.

Бейжанова А.Т.,
Белғожақызы М.,
Турлыбекова Н.М.

**Современные тенденции
развития логистического
реинжиниринга
в Республике Казахстан**

В настоящее время на мировом рынке реинжиниринга логистика проблемы развития признана одним из потенциальных и перспективных отраслей развития экономики. Уделяется внимание развитию реинжиниринга в логистике в мировом масштабе. В любой точке мира повышается уровень доступности услуг и продукции производителей из-за увеличения ассортиментов продукции или определенных видов услуг для потребителей, продолжительность жизни продукции на рынке резко снизилась, и в связи с этой причиной из года в год усиливается конкуренция между компаниями. Соответственно, для решения этих проблем логистический реинжиниринг может оказать свое важное влияние.

Ключевые слова: менеджмент, маркетинг, логистика, производство конкурентоспособность, качество, сервис, промышленность, инфраструктура, инновации.

**ЛОГИСТИКАЛЫҚ
РЕИНЖИНИРИНГТІҢ
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
ЗАМАНАУИ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Соңғы жылдары біздің мемлекетіміз нарықтық қатынастарды дамыту жолында келеді. Әлемнің кез келген нүктесіндегі өндірушілердің өнімдері мен қызметтеріне қол жетімділік деңгейі артуда, тұтынушылардың нарықтағы тауарлар мен қызметтерді таңдау мүмкіндіктерінің артуынан өнімдердің немесе белгілі бір қызмет түрлерінің нарықта өмір сүру ұзақтығы күрт азая бастады, компаниялар арасындағы бәсекелестік жылдан жылға күшейе түсуде. Сәйкесінше, нарықта қызмет етіп жүрген өндірістік компаниялардың қызметтеріне деген талаптар да өзгере бастады. Бірақ көптеген өндірістік кәсіпорындарында бейімделу үрдістері баяу, әрі қиын өтіп жатыр [1].

Неліктен өндірістік компаниялардың кейбірі бәсекеге қабілетті, ал кейбіреулері жоқ?

Реинжиниринг концепциясының авторы, әлемге әйгілі бизнестің гуруы Майкл Хаммер және оның әріптесі Лиза Хергман сәттілікке жетудің құпиясы – компанияның үрдістерін ұйымдастыру қабілетінде екендігіне сенімді.

Өздерінің кітаптарында олар компания пайдасын және оның бәсекеге қабілеттілігін үрдістерді дұрыс ұйымдастыру арқылы жоғарылатуға болатындығын көрсетті. Негізінен, реинжинирингтің мақсаты болып:

Біріншіден, қарастырылып жатқан қызметтің бірнеше немесе барлық аспектілерінің интеграция деңгейін барынша жоғарылату. Интеграциялардың аналитикалық негіздері – жүйелі анализ қағидалары болып табылады.

Екіншісі, логистикалық реинжинирингтің маңызды элементтерінің бірі қазіргі қолданыстағы жүйені жаңадан жасалынып, құрылатын жүйе мен және тәжірибе жүзінде жүзеге асқан жүйелермен шынайы, объективті салыстыру.

Үшіншісі, логистикалық қызметтің сапасын жоғарылату үшін, қызметтің тиімділігі мен шығындары арасындағы қатынасты теңестіру.

Төртіншісі, логистикалық реинжинирингті жүргізудің негізі – жүйелі талдау болып табылады, яғни күрделі техникалық және ұйымдастырушылық мәселерді шешу үшін жан-жақты жүйелі саралау [2].

Логистикалық жүйенің құрылымы және функционалдығымен тығыз байланысты ұғымдардың бірі – логистикалық үрдіс.

Логистикалық үрдіс – логистикалық жүйелер немесе логистикалық бөлімшелердің белгілі бір жоспарға сай, бекітілген мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін, логистикалық операциялардың орындалуы негізінде ұйымдастырылған кезектілік.

Логистикалық бизнес үрдістердің тиімділігін бағалаудың кешендік көрсеткіштері келесідей:

- жалпы логистикалық шығындар;
- логистикалық сервистің сапасы;
- логистикалық циклдің ұзақтығы;
- өнімділік;
- логистикалық инфрақұрылымдардың инвестициялану деңгейі [3].

Экономикасы дамыған елдердің өнеркәсіптің әртүрлі салаларында жүргізген логистикалық ұсталым құрылымдарының сараптамасы бойынша олардың ең көп үлесін қорларды басқару шығындары (20-40%), көліктік шығындары (15-35%), әкімшілік-басқарушылық шығындары (9-14%) алады. Соңғы он жылдықта тасымалдау, тапсырыстарды өңдеу, ақпараттық-технологиялық қолдау, логистикалық сервис сияқты функцияларға қатысты логистикалық ұсталымдардың артуы байқалған.

Реинжинирингтік тұрғыда қызмет көрсетудің басқадан ерекшелігі оның әмбебаптығында. Бұл шаруашылықтың дағдарысқа ұшыраған тұсында көмекке келер теориялық-әдіснамалық негізі.

Барлық жаңалықтарды салыстыру, оны шектеу сияқты іс-әрекетке қарамай, реинжиниринг – отандық жағдайларда қолдануға лайықты қызмет. Бірақ, талдау, бақылау, бағалау, сараптау, саралау, сыннан өту секілді реинжинирингтің құрамдық бөлік іс-әрекеттерін ұтымды қолдану үшін экономикалық негізді тек тәжірибеде қолданбай білгеннен шаруашылықты дағдарыстан алып қалу мүмкін еместігін түсінгеніміз жөн. Өкінішке қарай, бір шығарып берген теориялық негіз реинжинирингтің әдіснамасы бола алмайды. Оның басты себебі, теориялық және эмпирикалық зерттелімі жүйелі құрылым нұсқасын іс-әрекет сапасына шығара алмайды.

Ол реинжинирингтің дұрыс құрылмауын жобаның іске асырылып болғаннан кейін ғана байқауға болады. Оның себебі – теориялық негіздің дұрыс құрылмауы [4].

Жүйелі тұрғыда реинжиниринг бүгінгі күнге дейін инструмент ретінде қолданылып келді. Бұның өзі ақпараттық жүйеге барлық жүйелердің сапасын арттыру мақсатында қолданылады [5].

Кез келген клиенттердің сұраныстары мен қажеттіліктері заман талаптарына сәйкес өзгеріп тұратындығы бүгінгі күнде құпия емес. Бәсеке-

лестік ортада компаниялар нарықтағы өз үлесін сақтап қана қоймай, оны ұлғайту үшін тұтынушылардың талаптарына сай болуы қажет. Ол үшін компаниялар қызмет ету қағидаларына өзгеріс енгізуде.

Тұтынушылардың өнім немесе қызмет түріне деген талабы жылдан – жылға өсіп келеді, сондықтан да компаниялар тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыра алу үшін, компанияның бәсекелестік ортадағы күшін, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында компания қызметіне логистикалық реинжиниринг әдісін қолдануда.

Қазіргі заман талабы кәсіпорындардың өз қызметін радикалды өзгерістер тұрғысынан қарастыруға мәжбүр етеді, олай болмаған жағдайда, кәсіпорынның өмір сүру уақыты ұзаққа созылмас. Бүгінгі күнде өндірушілер тарапынан сұранысқа ие, жаңадан дамып келе жатқан реинжинирингтің бағытының бірі – инновациялық логистикалық реинжиниринг болып табылады.

Инновациялы-логистикалық реинжинирингтің мақсаты – шығындарды төмендету, бизнесті ұлғайту үшін жаңа база құру, компанияларды автоматтандырылған басқару жүйесіне өтуге дайындау және жаңа сапасы жоғарырақ технологиялық деңгейге көшуді қамтамасыз ету.

Инновациялық-логистикалық реинжиниринг жүргізу арқасында компаниялардың қызметі тиімдірек ұйымдастырылып, сапа деңгейі біршама жоғарылап, компанияның бәсекелестік қабілеті атқарады.

Қазіргі таңда кез-келген бір кәсіпорынның немесе фирманың инновацияға деген көзқарасы өте маңызды болып табылады. Сондықтан да нарықтық экономика жағдайындағы бәсекелестік көптеген жағдайда инновациялық қызметтерді талап етеді. Жалпы инновациялық қызмет рөлінің маңыздылығын талдау мақсатында инвестицияның берген анықтамасы мен оның механизмін зерттеу болып табылады. Мұның ішінде келесі талдау бағыттары қарастырылады:

- мәселелердің негізделген құрылымдық идеясын талдау;
- ұйым басшысының инновациялық жоба басшылығын, олардың командаларының кәсіби шеберлігін талдау;
- ұйымның ақпараттық қамтамасыз сапасын талдау;
- ғылыми тұрғыда келу және қазіргі менеджмент әдістерін жобалауда қолданылатын сәйкестікті талдау;
- ұйымның бәсекелестік мүмкіндігін қолдануды талдау;

– инновация және жаңалық портфелі құрылымын талдау;

– ұйымның инновациялық қызмет тиімділігінің есеп көрсеткішінің сапасын талдау;

– инновациялық қызметтің ынталандыру жүйесін талдау;

– ұйымның инновациялық қызмет тиімділігін, рөлін талдауды келесі принциптерді сақтай отырып, іс-жүзіне асыру керек:

– диалектика.

Инновация бұл – экономикалық категория. Категория бойынша инновация жаңа енгізудің жалпы және маңызды қасиеттерін, себептерін, қатынасын көрсетеді.

Инновация жаңа өнім немесе операцияға (технология, үрдіс) салынған капиталдың пайда болған нарық көрсеткіші болып табылады. Сатуға дайын инновацияны іске қосарда, «ақша-инновация» айырбасы жүзеге асырылады. Осындай айырбастың нәтижесінде кәсіпкермен (продуцент, инвестор-сатушы) алынған ақша мүліктері, біріншіден, инновацияны құру және сату шығынын жабады; екіншіден, инновацияны жүзеге асырудың нәтижесінде пайда түседі; үшіншіден, жаңа инновацияларды құруға үлкен бір ынта (стимул) береді; төртіншіден, жаңа инновациялық үрдістің қаржыландыру қайнар көзі болып табылады.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі, сондай-ақ Бірыңғай Экономикалық кеңістік шеңберінде экономикалық интеграцияның тереңдеуі жергілікті қамтуды дамыту бойынша жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа елеулі өзгерістер алып келеді.

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі ДСҰ нормаларына сәйкес, атап айтқанда сауда-саттықпен байланысты инвестициялық шаралар жөніндегі келісіммен 1994 жылғы ГАТТ III және XI баптардың шарттарына сәйкес келмейтін сауда-саттықпен байланысты инвестициялық шараларды қолдануға тыйым салынады (көрсетілген баптардың міндеттемелері ұлттық режим мен сандық шектеулерден жалпы бас тартуға қатысты). Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарында көзделген Қазақстанда өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді міндетті пайдалану бойынша талаптар ДСҰ нормаларына қайшы келуі мүмкін.

Сонымен қатар, ДСҰ-ға қосылатын елдерге жергілікті компоненттердің үлесі бойынша шетелдік инвесторларға қойылатын талаптарды

жою бойынша өтпелі кезең ұсынылуы мүмкін. Аргентина, Колумбия, Малайзия, Мексика, Пәкістан, Румыния, Таиланд және Филиппин сияқты елдер мысал болып табылады. Бірыңғай экономикалық кеңістік экономикалық интеграцияның неғұрлым терең нысаны болып табылады және өзіне қолданыстағы Кедендік одаққа қосымша мынадай шарттарды қамтиды:

- 1) келісілген экономикалық саясат;
- 2) капиталдың еркін қозғалысы;
- 3) көрсетілетін қызметтердің еркін қозғалысы;
- 4) жұмыс күшінің еркін қозғалысы;
- 5) БЭК-ке мүше мемлекеттердің инфрақұрылымына тең қолжетімділік.

БЭК келісімі бірыңғай макроэкономикалық және бәсекелі саясатты құруға бағытталған. Табиғи монополиялар шеңберінде реттеудің бірыңғай қағидалары белгіленетін болады. Электр энергетикасы және теміржол көлігі, мұнай және газды тасымалдау саласында БЭК-ке қатысушы елдердің инфрақұрылымына тең қолжетімділікті ұсыну болжанып отыр.

Сонымен қатар, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы субсидияларын ұсыну, мемлекеттік сатып алуды өткізудің бірыңғай қағидадарын әзірлеу болжануда.

Осылайша, ДСҰ-ға кіру және БЭК-ке интеграциялану қолданыстағы заңнаманы отандық өндірушілерге преференцияларды ұсыну, сондай-ақ «СТ-KZ» сертификатына негізделген жергілікті қамтуды дамытуды мониторингілеу және болжау жүйесін жетілдіру бөлігінде қайта қарау талап етеді. ДСҰ және БЭК нормаларына қайшы келмейтін қолдаудың жаңа құралдарын, сондай-ақ мониторингтің неғұрлым икемді және тиімді жүйесін әзірлеу қажет.

Отандық өнеркәсіпті дамыту және өтпелі кезеңнің мерзімдері аяқталғанан кейін дербес өмір сүруге жағдайлар жасау үшін өтпелі мерзім ұсынатын уақытты барынша пайдалану аса маңызды болып табылады.

Логистикалық реинжиниринг жүргізудің тағы бір пайдасы – монополистермен, картельдермен ымырасыз күрес жүргізіп, бизнес-құрылымдардың жалтақсыз жұмысі стеуі үшін, астарында белгілі бір тұлғаның иә топтың мүддесі тұрмаған, жұрттың баршасына ашық «ойын ережесін» құру. Мұндай жағдай қазіргі күні Кедендік одаққа мүше болып отырған Қазақстан үшін де маңызды. Өйткені, ортақ рынокта тек күштілер ғана аман-есен қалады, бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Егер бәсекелестік әділ жолмен жүрсе, ол кәсіпкерлерді бақталасынан озу үшін, логистикалық реинжиниринг нәтижесінде

өндіріске белсенді түрде заманауи инновацияларды енгізіп, технологияларын жетілдіруге, шектеулі ресурстарын тиімді пайдалануға ынталандырады. Нарықта жаңа тауарлар мен ойыншылардың пайда болуы тұтынушылардың сұранысын қанағаттандырып, олардың тұрмыс-ахуалын жақсартып қана қоймай, тауарға деген бағаны арзандатуға жағдай жасайды. Дегенмен, бәсекелестікті қазіргі заман талабына сай құрылған монополияға қарсы жүйелерсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Себебі, Елбасы Үкіметтің алдына әлемдегі экономикасы бәсекелестікке қабілетті жоғары дамыған 50 елдің ішіне кіру міндетін қойған. Ал, мұның нарықтық экономиканың қозғаушы күші болып табылатын бәсекелестікті дамытусыз, сондай-ақ, халықаралық бәсекелестік құқық талаптарына жауап беретіндей, монополияға қарсы заңнамаларды жетілдірусіз есте іске аспасы даусыз. Рас, Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында аталған міндеттерді жедел түрде қолға алуды үнемі айтып келеді. Оларда алдағы онжылдықтағы республиканың даму бағдарламасы белгіленген: атап айтсақ, дағдарыстан кейінгі дамуға баса назар аудару, экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу, адам капиталының бәсекелестік деңгейін көтеру, азаматтарды сапалы әлеуметтік қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздікті бекемдеу және халықаралық қатынастарды әрі қарай дамыту сынды маңызды шараларды іске асыру, т.б.

Ал логистикалық реинжиниринг осы міндеттерді өзінің корпоративтік деңгейінде шешеді – логистикалық реинжиниринг компаниялардың барлық топтары үшін тиімді, өндірістік компаниялардағы халықаралық стандарттарға бағдарланған әлеуметтік жауапкершілікті басқару жүйелерін құруға көмектеседі, компаниялардың дағдарыстық жағдайлардан шығуына және де т.б. көптеген қиындықтарды шешуге септігін тигізеді.

Логистикалық реинжиниринг жүргізу кезінде енгізілетін өзгерістер әлеуметтік жобаларды басқару, экология, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, жұртшылықпен байланыс, адам ресурстарын басқару, мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара қарым-қатынас сияқты бағыттарды т.б. көптеген мәселелерді қозғайды. Әлемде халықаралық масштабта жетекшілікке, яғни лидерлікке қол жеткізген компаниялар бір бірінен мүлдем өзгеше стратегиялар қолданады. Алайда, сәттілікке жеткен әр компания өзінің жеке стратегиясын қолданып, қызметінің түпкілікті жасырын қағидаларына сүйенеді және мұндай типтес компаниялардың сипаты мен эволюциясы бірдей болып табылады. Бұл компаниялардың барлығы логистикалық реинжинирингті қолдану арқылы жоғары бәсекеге қабілеттілікке ие болып, сәттілікке жетеді. Олар бәсекеге қабілеттілікке жетудің жаңа әдістерін меңгере отырып, ескі әдістерді жаңаша қолдану арқылы бәсекелік күрестің ең үздік әдістеріне қол жекізеді.

Бүкіл әлемде экономикалық дамудың маңызды қозғаушы күші ретінде қабылданған ғылыми-техникалық прогресс, көбіне отандық және шетелдік әдебиеттерде компанияларда жүргізілген логистикалық реинжиниринг процесс түсінігімен байланыстырылады. Соңғы кездері логистикалық реинжиниринг теориясы мен түсінігі мәселелеріне қызығушылық күрт өсті, мұны осы тақырыпқа қатысты шығарылып жатқан жарияланым мен басылым көлемінің көбейіп жатқандығынан айқын көруге болады, сонымен қатар компаниялардың тиімді қайта құрулар мен кзгерістерге қызығушылығының инновациялық өнімдерге, инновация тәжірибесі мен теориясына аса зор көңіл бөлуіне, бұған қоса мемлекеттің инновациялық саясатқа назар аударып, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін осы аталған қайта құрулар мен өзгерістерді енгізу арқылы дамыту қажеттігіне үндеу тастап жатқанын айта кетуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Цилич В.А., Цилич М.П. Реинжиниринг бизнec-процессов: учеб. пособие. – Томск: Томск. гоц. ун-т систем управления и радиоэлектроники, 2007.
- 2 Методы экономического Управления предприятием: под ред. Большакова. – Сыктывкар, 2001.
- 3 Скубченко А. И., Рапопорт Б. М. Инжиниринг и моделирование бизнеса. – М.: Тандем, Экмос, 2001.
- 4 Тельнов Ю.Ф. «Реинжиниринг бизнес-процессов». – М.: Финансы и статистика, 2005.
- 5 Скворцов О.В. Влияние переоценки основных средств на налоги на прибыль и имущество предприятия // Финансы. – 2007. – № 4.

References

- 1 V.A. Cilich, M.P. Cilich. Reinzhiniring biznes-proceccov: ucheb. Pocabie – Tomck: Tomck, gos. un-t cictem upravlenija i radiojelektroniki, 2007.
- 2 Metody jekonomicheckogo Upravlenija predprijatiem: pod red. Bol'shakova. – Cyktyvkar, 2001.
- 3 Ckubchenko A. I.» Rapoport, B. M. Inzhiniring i modelirovanie bizneca. – M. : Tandem, Jekmoc, 2001.
- 4 Ju. F. Tel'nov «Reinzhiniring biznes-proceccov». – M.: Financy i ctatistika, 2005 g.
- 5 Ckvorcov O.V. Vlijanie pereocenki osnovnyh credctv na nalogi na pribyl' i imushhectvo predprijatija // Financy. – 2007. – № 4.